

Әкімдіктің 2009 жылғы 23 маусымдағы № 233 "Объектілердің құрылышына арналған телімдерде Тобыл өзенінің, Амангелді су бөгенінің және Тоғузак өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеуілерін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 шілдедегі № 332 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 шілдеде № 7139 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 344 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 03.08.2022 № 344 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39-бабына сәйкес, қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 23 маусымдағы № 233 "Объектілердің құрылышына арналған телімдерде Тобыл өзенінің, Амангелді су бөгенінің және Тоғузак өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеуілерін және оларды шаруақорлықпен пайдалану тәртібін белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3684 болып тіркелген, 2009 жылғы 21 шілдеде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Объектілердің құрылышына арналған телімдерде Тобыл өзенінің, Амангелді су қоймасының және Тоғузак өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы";

преамбуласы мынадай редакцияда жазылсын:

"2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 116, 125-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**";

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:

жолы, реттік номірі 3, мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Тобыл өзені Қостанай қаласы, Амангелді тұрғын үй алабы, Энергетиктер көшесі мекенжайы бойынша орналасқан тұрғын үй (М.М. Москвин)	40	1,12	250-310
---	---	----	------	---------

" ;

жолы, реттік номірі 11, мынадай редакцияда жазылсын:

"

11	Тобыл өзені Қостанай қаласы, Амангелді тұрғын үй алабы, Энергетиктер көшесі 6 және 7 мекенжайы бойынша орналасқан екі тұрғын үй (И.Н. Мыткин Д.В. Сомусов)	70,8	4,26	601,4
----	---	------	------	-------

" ;

жолы, реттік номірі 14, мынадай редакцияда жазылсын:

"

14	Амангелді су қоймасы Қостанай қаласы, Амангелді тұрғын үй алабы, Рудненский көшесі мекенжайы бойынша орналасқан өндірістік және әкімшілік - шаруашылық ғимараттарды қайта жаңғыртуға бөлінген жер телімі шегінде (Т.Т. Өмірбаев)	160	13,13	825-945
----	--	-----	-------	---------

" ;

жолы, реттік номірі 15, мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Амангелді су қоймасы			
--	-------------------------	--	--	--

15	Костанай қаласы, Амангелді тұрғын үй алабы, Мир көшесі мекенжайы бойынша орналасқан жеке тұрғын үй құрылышына арналған № 1 телім (А.Н. Соловьева)	30	2,5	832
----	---	----	-----	-----

";

жолы, реттік нөмірі 16, мынадай редакцияда жазылсын:

"

16	Тоғузак өзені Карабалық ауданы Надеждинка ауылы аумағында орналасқан құрылым тасы кен орнын әзірлеу ("Костанайщебень" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	435	35,1	807,5
----	---	-----	------	-------

";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қостанай қаласы, Қостанай, Денисов және Қарабалық аудандарының аумағындағы объектілердің құрылышына арналған телімдерде Тобыл өзенінің, Амангелді су қоймасының және Тоғузак өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.";

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай
облысының әкімі

A. Мұхамбетов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай

бассейндік инспекциясы"
респубикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Г. Оспанбекова

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулықты қорғау
комитетінің Қостанай облысының
қоғамдық денсаулықты қорғау
департаменті" респубикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

О. Бекмағамбетов

Экімдіктің
2017 жылғы 4 шілдедегі
№ 332 қаулысына қосымша
Экімдіктің
2009 жылғы 23 маусымдағы
№ 233 қаулысына 2-қосымша

**Қостанай қаласы, Қостанай, Денисов және Қарабалық аудандарының аумағындағы
объектілердің құрылышына арналған телімдерде Тобыл өзенінің, Амангелді су
қоймасының және Тогұзақ өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін
шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары**

1. Су қорғау белдеулерінің шегінде мыналарға жол берілмейді:

- 1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-куйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;
- 2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыштар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыштарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыштарды салуға және пайдалануға;
- 3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;
- 4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;
- 5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын

жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

2. Су қорғау аймақтарының шегінде мыналарға жол берілмейді:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыштарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыш, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық- эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мұдделі органдармен келісілген жобасы жок бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төтетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен және улы химикаттармен толтыратын аландарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерусті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өндеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін улы

химикаттармен авиациялық өндеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбекен пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өндеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК